

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 279-281

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДА ЖЫЛҚЫ ПАРАСКАРИДОЗЫНЫҢ ТАРАЛУЫ ЖӘНЕ ДАУАЛАУ

Қаниятбек Н., Ыбраев Б.К.

Солтүстік Қазақстан жағдайында жылқы паразитоздары кеңінен таралғандардың қатарына жатады [1,2]. Ғалымдардың зерттеулері бойынша орташа есеппен жылқылардың 62-100% дейінгілері дерттенген [1,2,3]. Осының ықпалынан әсерінен малдың қоңы төмендеп, сойылған малдың еті босаңдау, су татып тұрады. Сондықтан оның таралу, қоздырышының кейбір даму биологиясындағы ерекшеліктерін анықтау және ауру туындағанда заманауи антгельминтті препараттардың тиімдісін ұсыну практикалық тұрғыдан құнды болып табылады. Жылқы параскаридозы мал арасында негізінен 4 жасқа дейінгілерде жиі тіркеліп, айтарлықтай шығын келтіретін гельминтоз.

Осыны ескере, біз Ақмола облысы жағдайында 4 жасқа дейінгі жылқы арасында параскаридоздың таралу қарқынын және дауалау шараларының кешенін құруды мақсат қойдық.

Зерттеу тәсілдері мен жабдықтары. Зерттеу жұмыстары 2014-2015 жылдары Ақмола облысына қарасты Целиноград, Ерейментау, Ақкөл, Аршалы аудандары шаруаларының қарамағындағы 113 жылқының нәжіс сынамалары, 7 сойылған малдың ішек-қарыны, 5 жылқының қан сынамалары С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ-дың ветеринарлық медицина кафедрасында биохимия және паразитологиялық зертханаларында зерттелінді. Аурумен дерттенген жылқыны емдеу мақсатында гиппомектин және норомектин препараттары «Белан» ЖШС мен Қажымұқан ауылы жеке меншігінің жылқыларында сынақтан өткізілді. Аталған шаруа қожалықтарындағы жылқы басы дәрілеуге дейін алдын ала Фюллеборн және Ms Мастер және сойылғандардың ішек-қарны К.И.Скрябиннің толық емес гельминтологиялық әдісімен зерттелініп, ауру қарқыны анықталды. Қанның гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштерін анықтау кондуктометрлік санауыш (Pse-210) және рефрактометр (РЛУ) көмегімен іске асырылды. Препараттар малға аш қарынға, негізгі азықтандыруға дейін таңертеңгілік уақытта нұсқаулыққа сәйкес мөлшерде қолданылды. Дегельминтизациялаудан соң гельминттердің сыртқа түсуі 16-24 сағат өткенде байқалды.

Зерттеу нәтижелері. Параскаридозға негізінен 4 жасқа дейінгі жылқылар (құлын, жабағы, тай, дөнен) бейім. Ақмола облысына қарасты 4 аудандағы шаруа жылқыларының 29,2% параскаридозға шалдыққандары

анықталды (1 кесте). Аурудың ең жиі тараған (46% дейін) қожалықтары Ерейментау мен Целиноград аудандарында тіркелді.

Кесте 1 – Ақмола облысының аудандарындағы жылқылардың параскаридозға шалдығу қарқыны

Малы зерттелінген аудан	Жылқының жасы	Зерттелінген жылқы саны, бас	Ауру мал, бас	ЭИ, %	ИИ, дана
Ақкөл	2- жасқа дейін	13	4	30,7	2-21
	4-жасқа дейін	14	3	21,4	1-14
Аршалы	2-жасқа дейін	12	4	33,3	8-21
	4-жасқа дейін	14	2	14,2	2-8
Ерейментау	2-жасқа дейін	15	7	46,6	8-27
	4-жасқа дейін	17	3	17,6	4-12
Целиноград	2-жасқа дейін	13	6	46,1	6-41
	4-жасқа дейін	15	4	26,6	3-17
Барлығы		113	33	29,2	1-41

Тәжірибе жүзінде *P. equorum* жұмыртқаларының термостатта және сыртқы ортада зерттеу барысында 9-15 күннің аралығында дамуы аяқталатындығы белгілі болды. Сонымен бірге, *P. equorum* жұмыртқасының сырты қалың төрт қабатты қабықпен қапталуы, оның сыртқы ортада төзімді, ал қыста қар астында қалғандары қыстап шығуымен ерекшелінді (2 кесте).

Кесте 2 - *Parascaris equorum* жұмыртқаларының термостатта және сыртқы ортада даму ерекшеліктері

Сыртқы орта		Термостатта өсіру ұзақтығы 20-24	
температура, °С	әсер ету ұзақтығы, күн	личинканың пайда болу уақыты, күн	зардапты личинканың пайда болу уақыты, күн
+7	31	9	15
0	90	12	18
-3	105	16	21
-11	135	21	22
-22	161	24	23

Төмендегі 3 кесте деректерінен ауырған жылқыларда гематологиялық көрсеткіштерден эритроциттің 13,9%, гемоглобиннің 3,48%-ға төмендеуі, ал тәжірибе топтарымен салыстырғанда ақуыздың 22,4% және лейкоцит санының 16,6% көбеюі организмде өтіп жатқан патологиялық процестің көрінісі екендігін дәлелдейді.

Кесте 3 – Ауру жылқылардың қан көрсеткіштерінің өзгеруі (n=5)

Қан көрсеткіштері	Бақылау топ	Тәжірибелік топ
Лейкоцит, WBC, $\times 10^8/L$	10,50,32	12,6 \pm 1,10
Лимфоцит, Lym%	56,02,73	43,7 \pm 6,42
Эритроцит, RBC, $\times 10^6/L$	6,70,06	5,8 \pm 1,16
Гемоглобин, HGB, g/L	94,2	97,6 \pm 5,84
Гематокрит, HCT, %	24,61,35	20,1 \pm 3,79
Жалпы белок, g/L	66,3	51,4 \pm 0,49

Жеке жылқыларға тікелей ауыздан норомектин мен гиппомектин препараттарын қолдану нәтижесінде төмендегі нәтижелер алынды (4 кесте).

Кесте 4 – Қолданған препараттардың тиімділігі

Қолданылған препараттың атауы	Топтағы жылқы саны	Дозасы тірі салмағына есептегенде	Препараттың экстенсивтілігі, %
Норомектин	5	200мг/кг	98,2
Гиппомектин	5	200мг/кг	100

Жүргізілген зерттеу жұмыстарын қорытындылай келе, Ақмола облысының 4 аудан жылқыларында параскаридоздың экстенсивтілігі 29,2% құрайды, ал ауру жануарлардың қан құрамындағы өзгерістері эритроцит (13,9%) пен гемоглобиннің (3,48%) төмендеуімен, ал ақуыздың (22,4%) және лейкоциттің (16,6%) көбеюі тіркелсе, қолданған гиппомектиннің тиімділігі 100% тең, ал норомектин 98,2% көрсет

Әдебиеттер тізімі

1. Кадыров Н.Т., Аубакиров С.А., Ибраев Б.К. Опыт борьбы с паразитозами лошадей. – Ветеринария, 1991. – №10. – Б. 42-44.
2. Ибраев Б.К. Жайлым жылқыларын дәрлеуді оңтайландыру // «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» АҚ-ның 50 жылдығына арналған халқаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Астана, 2007. – Б. 214.
3. Voss J.L., Hibler C.P., Critical teste of butonate as an askarida and buticide in horses. Am.j.veter.Ras. – 1971. – Vol. 3. – №12. – P. 2085-2086.